**Зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың "Электротехника мен радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы" техникалық регламентінің (ЕАЭО ТР 037/2016) талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігіне бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарлама туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 7 карашадағы № 143 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 51-бабы 1-тармағының 11 және 12-тармақшаларында көзделген қағидаттарды іске асыру мақсатында және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне №2 қосымшаның 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған Зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың "Электротехника мен радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы" техникалық регламентінің (ЕАЭО ТР 037/2016) талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігіне бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу ( өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарлама бекітілсін

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

| | |
|---|---|
| *Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Төрағасы* | *Т. Саркисян* |

Еуразиялық экономикалық<br>комиссия Алқасының<br>2017 жылғы 7 қарашадағы<br>№143 шешімімен<br>БЕКІТІЛГЕН

**Зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың**
**"Электротехника мен радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы"**
**техникалық регламентінің (ЕАЭО ТР 037/2016) талаптарын қолдану мен орындау және техникалық**

**реттеу объектілерінің сәйкестігіне бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын**
**қамтитын мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер**
**енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарлама**

| Р/с № | МСС коды | Мемлекетаралық стандарт жобасының атауы. Жұмыстардың түрлері | Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің элементтері | Әзірлеу мерзімі | | Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекет – жауапты әзірлеуші |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 13.020<br>43.040.10 | Электротехникалық бұйымдардағы кейбір заттарды анықтау. 6-бөлік. Полимерлердегі полибромдалған бифенилдер мен полибромдалған дифенилді эфирлерді газ хроматография - масс-спектрометрия (GC-MS) әдісімен анықтау IEC 62321-6: 2015 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 2 және 3-қосымшалар | 2018 жыл | 2020 жыл | Беларусь Республикасы |
| | | Электротехникалық бұйымдардағы кейбір заттарды анықтау. 7-1-бөлік. Алты валентті хром. Металдар бойынша түссіз және боялған | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | 13.020 43.040.10 | коррозияға төзімді жабындарда алты валентті хромның (Cr(VI)) болуын колориметриялық әдіспен анықтау. IEC 62321-7-1:2015 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 2 және 3-қосымшалар | 2018 жыл | 2020 жыл | Беларусь Республикасы |
| 3 | 13.020 43.040.10 | Электротехникалық бұйымдардағы кейбір заттарды анықтау. 7-2-бөлік. Алты валентті хром. Полимерлердегі және электроникадағы алты валентті хромды (Cr(VI)) колориметриялық әдіспен анықтау. IEC 62321-7-2 (FD) негізінде МЕМСТ әзірлеу | 2 және 3-қосымшалар | 2018 жыл | 2020 жыл | Беларусь Республикасы |
| 4 | 13.020 43.040.10 | Электротехникалық бұйымдардағы кейбір заттарды анықтау. 8-бөлік. Полимерлердегі фтали қышқылы эфирлерінің болуын масс-спектрометриялық әдіспен анықтау. | 2 және 3-қосымшалар | 2018 жыл | 2020 жыл | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | IEC 62321-8 (FD) негізінде МЕМСТ әзірлеу | | | | Беларусь Республикасы |
| 5 | 13.020 43.040.10 | Электротехникалық бұйымдар. Регламенттелген алты заттың (қорғасынның, сынаптың, кадмийдің, алты валентті хромның, полибромбифенилдің, полибромдалған дифенильдік эфирлердің) деңгейін анықтау . IEC 62321: 2008 ескере отырып, СТБ IEC 62321-2012 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 2 және 3-қосымшалар | 2018 жыл | 2020 жыл | Беларусь Республикасы |
| 6 | 01.040.01 13.030.10 31.020 | Электр және электрондық өнімді зиянды заттардың мөлшерін шектеу бөлігінде бағалауға арналған техникалық құжаттама. IEC 63000: 2016 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 2 және 3-қосымшалар | 2018 жыл | 2020 жыл | Беларусь Республикасы |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК